

FTAMP 17.71.07

<https://doi.org/10.53871/2078-8134.2023.3-14>

Г.Т. Тілеубердина¹, О.А. Қазжанова²

^{1,2}Шоқан Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан

E-mail: guldentleuberdina@inbox.ru, kazzhanova.orynbasar@mail.ru

ORCID: 0000-0002-0574-643X, 0009-0002-2587-7346

ОТАРЛАУ САЯСАТЫНА ҚАРСЫЛЫҚТЫ БІЛДІРЕТІН РЕАЛДЫ-ТАРИХИ ЭПОСТАРДАҒЫ БАТЫРЛАР БЕЙНЕСІ

Аңдатпа. Мақалада реалды-тарихи жырлардың негізінде ақындардың қоғамдағы рөлі, ұлттық идеяны қалыптастырудағы орны, рухани ой-сананың өсуіне қаншалықты ықпал жасағандығы қарастырылды. Реалды-тарихи эпостар – қазақ әдебиетінде мазмұны жағынан тарихи деректілігімен, жанрлық табиғаты жағынан поэтикалық ерекшеліктерімен көрінетін әдеби жанр. Тарихи жырлар өзіндік қалыптасу және дамуы жағынан тек бір ғана дәуірдің рухани құндылықтары емес, онда мыңдаған ғасырлардың тарихи оқиғаларының ізі бар. Тарихи жырларды шығарушылардың өздері сол тұстағы тарихи оқиғаларды көзімен көрген ақын-жыраулар болған. Сондықтан тарихи жырлар көбіне оқиға болып жатқан сәтте туындап, оқиғаның себеп-салдарын түсіндіруге бағытталады. «Кенесары-Наурызбай», «Исатай-Махамбет», «Сұраншы батыр» тарихи жырлары – әдебиет тарихынан өз бағасын айрықша алған ұлтымыздың өшпес те мол мұрасы деуге болады. Бұл жырларда елі мен жерін жаудан қорғаған, атадан қалған ұлан-байтақ жерді ұрпағына аманат етіп қалдырған, ұлт тәуелсіздігі жолында құрбан болған қазақ батырларының ерлік істері жырланады. Аталмыш мақалада қазақтың баһадүр батырлары Исатай-Махамбет, Кенесары, Сұраншы сияқты батырлардың бейнесі тарихи эпостар негізінде кең байтақ жазиралы даламызды сыртқы жаулардан қорғауда, Тәуелсіздік жолындағы күресте ерлік көрсеткен батырлар бейнесін аша отырып, оларды сомдауға қолданылған әдіс-тәсілдерге ғылыми тұрғыдан талдау жасалып, мысалдармен дәлелденді. Ұлт азаттығы жолында шаһит кеткен батырлардың образы реалды-тарихи эпостарда кеңірек ашылған. Совет үкіметі тұсында жазылған зерттеу еңбектерде айтылмай, бұрмаланған деректер мен оқиғалар эпостық жырларды ап-анық көрсетілген. Мақаланы талдап, талқылау барысында отандық және шетелдік әдебиеттанушылар мен тарихшылардың пікірлері негізге алынды.

Кілт сөздер: тарих, жыр, эпос, образ, батырлар бейнесі, Исатай, Хан Кене, Сұраншы батыр.

Г.Т. Тлеубердина¹, О.А. Казжанова²

^{1,2}Кокшетауский университет имени Ш.Уалиханова, Кокшетау, Казахстан

E-mail: guldentleuberdina@inbox.ru, kazzhanova.orynbasar@mail.ru

ORCID: 0000-0002-0574-643X, 0009-0002-2587-7346

Образ героев в реалистических эпосах, выражающих сопротивление колониальной политике

Аннотация. В статье рассматривалась роль поэтов в обществе, место в формировании национальной идеи, насколько они способствовали росту духовной мысли на основе реальных исторических эпосов. Реалистические исторические эпосы – литературный жанр, проявляющийся в казахской литературе исторической достоверностью по содержанию, поэтическими особенностями по жанровой природе. Исторические эпосы – это не только духовные ценности одной эпохи с точки зрения их собственного становления и развития, но и следы исторических событий тысячелетий. Сами издатели исторических эпосов были поэтами-сказителями, которые видели исторические события того времени. Поэтому исторические эпосы часто возникают в момент, когда происходит событие, и направлены на объяснение

причинно-следственных связей фактов. Исторические эпосы «Кенесары-Наурызбай», «Исатай-Махамбет», «Сураншы батыр» – это неизгладимое наследие нашей нации, которое ценится в истории литературы. В этих эпосах воспевались героические поступки казахских батыров, которые сохранили свою страну, землю и передали потомкам необъятную землю, оставшуюся от дедов, батыров, которые стали жертвами на пути независимости Казахстана. В данной статье на основе исторических эпосах был проведен научный анализ и доказано примерами примененных к их воплощению методов и приемов, раскрывающих образы батыров, как Исатай-Махамбет, Кенесары, Сураншы, совершивших подвиги во имя Отечества, в защите великой степи от внешних врагов, в борьбе за независимость. В ходе обсуждения статьи были получены мнения известных литературоведов, историков Казахстана.

Ключевые слова: история, поэма, эпос, образ, образ героев, Исатай, хан Кене, Сураншы батыр.

G.T. Tleuberdina¹, O.A. Kazhanova²

^{1,2}*Kokshetau University named after Shokan Ualikhanov, Kokshetau, Kazakhstan*

E-mail: guldentleuberdina@inbox.ru, kazzhanova.orynbasar@mail.ru

ORCID: 0000-0002-0574-643X, 0009-0002-2587-7346

The image of heroes in a realistic historical epics expressing resistance to colonial policy

Abstract. The article considered the role of poets in society, their place in the formation of the national idea, how much they contributed to the growth of spiritual thought based on real historical epics. Realistic historical epics are a literary genre, manifested in Kazakh literature by historical authenticity in content, poetic features in genre nature. Historical epics are not only spiritual values of one epoch from the point of view of their own formation and development, but also traces of historical events of millennia. The publishers of historical epics themselves were storytelling poets who saw the historical events of that time. Therefore, historical epics often arise at the moment when an event occurs, and are aimed at explaining the cause-and-effect relationships of facts. The historical epics «Kenesary-Nauryzbai», «Isatai-Makhambet», «Suranshy Batyr» are the indelible heritage of our nation, which is valued in the history of literature. These epics glorified the heroic deeds of Kazakh batyrs who preserved their country, land and handed over to descendants the vast land left over from their grandfathers, batyrs who became victims on the path of independence of Kazakhstan. In this article, on the basis of historical epics, a scientific analysis was carried out and proved by examples of methods and techniques applied to their implementation, revealing the images of batyrs like Isatai-Makhambet, Kenesary, Suranshy, who performed feats in the name of the Fatherland, in protecting the great steppe from external enemies, in the struggle for independence. During the discussion of the article, opinions of well-known literary critics and historians of Kazakhstan were received.

Keywords: history, poem, epic, image, image of heroes, Isatai, Khan Kene, Suranshi batyr.

1. Кіріспе

Қазақ тарихи жырлары басқа да эпикалық мұраларымыз сияқты зерттеліп, өз тарихи бағасын алатын уақыт жетті. Ш.Уәлихановтың «Қазақтардағы шамандықтың қалдығы» еңбегінен бастап, ХХ ғасырдың бас кезінен бері қарай зерттеліп келеді. Дегенмен дәуірлік тұрғыдан тұтастай қаралуға тиісті тарихи жырлардың түбегейлі саралануына Кеңестік дәуір идеологиясы сына қағып, қара қазанның қақпағын жапты. Жабылған қазанның ішіне хандарды жікпен жүгендеп, бек-сұлтандарды сүмірейте көрсетті. Ел билеген хандарға әділетсіз ісін тайсалмай айтып, турашылдықпен кемшілігін бетіне басқан немесе сүйенерлік ісіне ырзалығын білдірген би-шешендер, жыраулар мен ақындардың аталы сөздері де керегіне қарай пайдаланылып, кәдесіне жарамайтыны сылынып тасталып отырған. Осының барлығы тарихи жырлар.

Олардың күні бүгінге дейін тарихи бағасын алмағанына тарихи жырлар дәлел бола алады (Рахымов, 1999: 235).

Ұлы жазушы Вольтер: ар-ұжданы күшті халық бостандықты, шындықты жоғары бағалайды дейді (Смағұлов, 2014: 250). Еркіндік пен тәуелсіздік үшін күрес жолының ізі бар халықтың бірі - қазақ халқы. Атырау мен Алтайға созылған ұшы-қиыры жоқ, ұлан-байтақ жерімізді жаулауға әркімнің бір таласы болды. Шығыстан, Батыстан, Оңтүстік, Солтүстікпен бірнеше феодалдық мемлекеттер қоршап жатқан. Олар әр дәуірде әр кезде қазақ даласына қанды соғыстар, апатты шабуылдар жасап тұрған. Мәселен, орта ғасырдан бастап, XX ғасырдың аралығында қазақ жеріне ірі-ірі соғыс әрекеттерін жүргізген. Шыңғыс ханның, Иран Шахының, Жоңғар қалмақтарының, Қоқан-Хиуа хандарының және Ресей патшалығының отарлау саясаттарын тарих жақсы біледі. Осындай ірі-ірі тарихи оқиғалар кезінде елі мен жерін аман сақтап қалуға қазақтың қалың қолы атқа мінгенін білеміз. Алақандай жерімізді де жауға бермей, алып қалған қас батырларымыз халық есінде. Бүгінде сол батыр бабаларымыздың тәуелсіздік жолындағы тарихи ерлігін насихаттайтын жыр-дастандар бар. Сол жыр-дастандардан «Кенесары-Наурызбай», «Исатай-Махамбет», «Сұраншы батыр» жырларындағы ерлікті, батырлықты көрсету басты мақсатымыз.

2. Материалдар мен әдістер

2.1 Зерттеу әдістері

Мақала реалды-тарихи жырлар тақырыбына арналған, сол себепті зерттеу барысында реалды-тарихи жырлар мен оларды зерттеу еңбектерімен танысу жұмыстары жүргізілді, талдау, синтез, ой қорыту, ақпаратты өңдеу мен дәйектеу әдістері қолданылды.

2.2 Материалға сипаттама

Мақала жазу кезінде «Кенесары-Наурызбай», «Исатай-Махамбет», «Сұраншы батыр» тарихи жырларының жарық көрген мәтіндеріне талдау жүргізілді. Сонымен қатар тақырып аясында Б.С. Рахымов «Тарихи эпос табиғаты», Ж.Қ. Смағұлов «Тарихтан тағылым». Е. Бекмаханов «Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында», Е. Бекмаханов «Қазақ халқының Кенесары бастаған азаттық қозғалысы. Хан Кене: Тарихи толғамдар мен пьеса, дастандар», Ұ.Б. Аязбаева «Ұлт-азаттық көтерілісі туралы тарихи жырлар», С. Қасқабасов «Ой өріс», С. Мұқанов «Кенесары – Наурызбай туралы», Г.Р. Дулатова, Е. Султан «Қазақ фольклорындағы тарихи жырдың қалыптасу факторлары: кейіпкерлер бейнесі» атты ғылыми еңбектері мен авторефераттар, мақалалары қолданылды.

Зерттеу жұмысын жүргізу барысында түрлі материалдар пайдаланылды. Әсіресе, Е. Бекмаханов пен С. Қасқабасовтың зерттеу еңбектері қарастырылып, талданды. Реалды-тарихи эпостар қарастырылды.

3. Талқылау

Тамырын тереңге жайған қазақ тарихы ерлерімен көрікті. Тарихи төңкеріс кезеңінің қай уақытында болса да, тарихи оқиғалардың ортасында қазақтың қас батырлары болды. Олардың атқарған іс-әрекеті еліміздің шетін жау баспасын деп, найзаларына үкі тағып, халқымыздың азаттығы жолында бастарын қатерге тігіп, сұрапыл соғыстың, бітіспес шайқастың басы-қасында болған.

Қазақстан тарихында тайға таңба басқандай болып тарихта қалған Исатай мен Махамбет бастаған шаруалар көтерілісі, Кенесары Қасымұлы бастаған көтеріліс – бүгінгі ұрпақ үлгі аларлық тарихи оқиғалар.

Белгілі тарихшы Е. Бекмаханов «Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында» еңбегінде: «Кенесары бастаған көтеріліске дәл бір мезгілде болмаса да үш жүздің бұқара халқы түгел қатысқан. Көтеріліс отарлығының ауысып тұруына байланысты қазақ руларының әр жылдардағы үлес салмағы да, құрамы да өзгеріп отырған», – дейді (Бекмаханов, 1991: 113). Тарихшылардың көбі Кенесары туралы жағымды пікір айтып, батырдың абырой-атағын асқақтатып отырады. Айталық, XIX ғасыр ортасындағы ағылшын зерттеушісі, дала өлкесінің білгірі Т.В. Аткинсон «Шығыс және Батыс Сібірдегі зерттеулер» еңбегінде: «Кенесары қазақтардан тамаша жауынгерлер дайындай алды. Көпшілігі маған Кенесары жігіттерінің қылышпен, айбалтамен өте жеңіл қимылдауы қарсыластың күшімен соғысуда асқан жетістікке әкелді. Тамаша офицерлері бар қазақтар әлемдегі ең күшті атты әскерді құра алар еді», – деп жазады (Смағұлов, 2014: 274). Ал орыс офицері Н.Н. Серода өз зерттеулерінде: «Кенесары – өз халқының тамаша басшысы. Кенесары сарбаздарының мерейінің үстемдігіне бірлігінің күштілігіне Еуропа қолбасшыларының қай-қайсысы болса да қайран қалар еді», –деп танданысын жасыра алмады (Бекмаханов, 2017: 448). Бұл сөздердің жаны бар. Себебі Кенесары хан жиырма мың сарбаздан тұратын, жауынгерлік қабілеті жоғары әскер жасақтай алды. Оның әскері жүздіктер мен мыңдықтарға бөлінді. Батырлығымен ерекше көзге түскен сарбаздар «жүзбасы», «мыңбасы» лауазымдарына тағайындалды. Кенесары құралайды көзге атқан мергендерді іріктеп, мергенбасы басқаратын жасақ құрды. Орыс армиясының үлгісі бойынша өз әскерлеріне ерекше айырым белгілерін енгізді. Хан жауынгерлерінен соғыс тактикасы мен әскери өнердің амал-тәсілдерін меңгеруді талап етті. Көтерілісшілерді әскери өнерге үйретумен бұрын тұрақты орыс армиясында қызмет еткен орыстың, татардың және башқұрттың тәжірибелі солдаттары айналысты. Хан жасағында қатаң тәртіп орната білді (Аязбаева, 2007: 35). Кенесары көтерілісі халық санасындағы талай елең-жырлардың, аңыз-әңгімелердің арқауына айналды.

Кенесарымен көтеріліске қатысқан батырлар туралы жырлардың біразының авторлары ел жадында сақталған. Олардың қатарында Нысанбай жырау, Досқожа жырау, Күдері, Көкбай т.б. ақындарды айрықша атауға болады. Аталмыш ақын-жырауларымыздың жырлары ауызша дәстүрдің үлгісінде шығарылып, ел арасында ауыздан-ауызға таралу арқылы жырланып келген.

Зерттеу барысында Нысанбай жыраудың «Кенесары-Наурызбай» деген көлемді жырын қарастырдық. Бұл жырда жырау ұлт-азаттық көтерілістің өзекті арнасын көркемдік жағынан ерекшелендіріп жазған. Кенесары, Наурызбай ерлігін басқа батырлар жырының дәстүрінде бейнелей келіп, онымен бірге өз заманының шындығын, халық басына түскен күйзелісті оқиғаларды шебер суреттеген:

*Кене ханның тұсында
Қарт бурадай жарадық,
Жауған қардай борадық.
«Абылайлап» ат қойып,*

Дұшпанның алдын орадық.

Кене хан жазым болған соң,

Бет-бетімен тарадық (Қасқабасов, 2009: 121).

Бұл – жыр ғана емес, тарихи шындық. Ал жазушы, әдебиет зерттеуші С.Мұқанов: «Нысанбай жыраудың бұр поэмасының көркемдік қуаты эпикалық оқиғаға ақын лирика дәнін тамаша сепкен дей келе, поэмадағы оқушының жан жүйесін босататын, ойын тербететін лирикалы мотивтер көп. Бұл поэмамен Нысанбай XIX ғасырдағы қазақ ақындарының арасында төрден орын алады», – деген болатын (Мұқанов, 1941: 163).

Кенесары – қас батыр, билік тізгінін мықтап ұстаған әмірші, барлық жұртшылықты аузына қаратқан хан. Оның маңайына не бір дүлдүл батырлар жиналған. Ол ханның ордасын – мемлекет орталығына айналдырған. Жырда:

Хан болды Кенесары Орта жүзге,

Жайылды аруағы өзге жүзге.

Хакім боп, жеті жұрттан иығы асты,

Жарамас шөп салуға басқан ізге (Қасқабасов, 2009: 125), –

деп Кенесарының тегін хан емес екенін сипаттайды. Ол қазақ елінің еркіндігін, елдігін сақтауға күш салған.

Қиян-кескі ұрыстарда батырлардың көзге түсуі – ерен ерлік көрсетуінің белгісі. Кенесарының осындай ержүрек батыры – Наурызбай. Наурызбай Қасымұлы – Кенесары ханның туған інісі. Ол көтеріліске бастан-аяқ қатысып, Кенесарының кеңесшісі де, қиядағы қиынға жұмсайтын батыры да еді (Рахимбаева, 2020: 329). Мысалы, Наурызбай мен Кенесары ханның ерлігі былай жырланады:

Наурызбай кірді қамалға

Көрінген жаудың шетінен.

Шыдай алмай хан Кене,

Ат қойды таудың бетінен

Шөке атым жерге бармай-ақ,

Айырылды ханың еркінен.

Сыпырылып қалып барады

Көкбурыл аттың көтінен (Қасқабасов, 2009: 128), – деген жолдардағы Наурызбай батыр екпіндетіп, жаудың қамалына кіргенін көрген кезде қарап тұра алмай Кенесары хан да бар ерік-жігерінен айырылып қалардай жауға қарсы шабады.

М. Әуезов 1928 жылы «Хан Кене» пьесасын жазды. Бірінші рет 1934 жылы ең қауіпті кезде қазақ драма театрында қойылып, әртүрлі сын-пікірлерге, қарама-қайшы көзқарастарға орай тоқтатылып қалды. Бұл шығарма бұдан кейін еш жерде жарық көрмей, жабулы жатты. 1983 жылы шыққан М. Әуезовтің жиырма томдық шығармалар жинағының он төртінші томында көп жылдардан кейін ғана жарияланды. Редколлегия мүшелері шығарма туралы мынадай мәліметті айтады: «Пьесаның тарихи негізі мейлінше дәл, ал драматург тарих ғылымына кейінірек мәлім болатын, бірте-бірте танылатын қайшылықты оқиғаларға байыптап үңіліп, шын сырын ұғынып, көрегендік жасаған. Шығарма желісі – Кене хан мен оның серіктері, жалпы

осы қозғалыс өзінің халық мүддесімен қабыспайтын трагедиялық сыйпатын біржола ашқан соңғы санаулы жылдарды (1841-1847) қамтиды» (Серғазы, 2004: 26).

«Кенесары тұлғасы, оның есімімен байланысты өткен ғасырдың 40-жылдарындағы оқиғалар – қазақ тарихы ғылымында ұзақ уақыт бойында айтыс-талас тудырылып келген мәселелері көп», – деген деректі айтады С. Дәуітов (Tleuberdina, 2021: 41–58). Үстіміздегі ғасырдың елуінші жылдарынан бастап Кенесары атын атауға болмайтын ресми қаулылар қабылданғаннан кейін Кенесары көтерілісіне үдірейе қарап, қырғи қабақ танытқан аңыз, әңгімелер дүниеге келді. Тарихтағы Кенесары туралы әдебиетте көптеген шығармалар да туындады.

М. Әуезов «Хан Кене» трагедиясында өмірі де, өлімі де шырғалаңға толы ірі тарихи тұлғаны терең толғап бейнелеуге батыл қадам жасады. Бұл тарихи пьесада 1841 жылдың қыркүйек айындағы Кенесарының хан сайланған кезеңінен бастап өмірінің соңына дейінгі, яғни 1847 жылдың жазына дейінгі аралықты қамтиды. Академик Р. Нұрғали: «драмалық жанрдың барлық талап-тілегіне толық жауап береді», – деп бұл пьесаға өте жоғары баға береді (Tleuberdina, 2021: 41–58).

Қазақ әдебиеті тарихында ерекше орны бар келесі батырларымыз Исатай, Махамбет болса, оларға да арналған Ы. Шөрековтің «Исатай-Махамбет» жырын бастыру, пікір айту кеңес үкіметі орнағаннан кейін кең орын алды.

«Исатай-Махамбет» – тарихи жыр. 1925 жылы жырдың бірінші бөлімі жарық көрген. Онда 1836-1838 жылы Кіші жүзде хан-сұлтандар мен би-болыстарға қарсы Исатай, Махамбет бастаған шаруалар көтерілісі суреттелген. Тарихи жыр Исатайды таныстырудан басталады, арғы-бергі ата-бабаларын тізеді, жаз жайлау, қыс қыстау қоныстарын атайды, батырдың кара басын сипаттайды. Ақын көтерілістің барлық оқиғаларын шегінен жіпке тізбей, шешуші кезеңдерін іріктеп алған. Жырда Махамбетке аз орын берілген, ол үш-ақ жерде көрінеді, ал Исатай образы нағыз халық көсемі тұлғасында, әділ, адал, ержүрек батыр, халық қамын ойлаған азамат ретінде жырланған. Академик М. Әуезов «Әдебиет тарихы» деп аталатын зерттеу еңбегінде «Исатай-Махамбет» жырына зор баға берген: «Өмірде анық болған оқиға көмескісіз, күңгіртсіз, айнаға түскендей, ашық түскен» деп, ел өмірі мен тірлігінің реалистікпен шынайы көрініс тапқанына сүйсіне ниет білдірген. Ұлы жазушы одан әрі: «Ақын жыры – тарихта ізі қалған жыр, анық оқиғаның дәл өзінен туған шындық, тазалықпен айтылады», – деп жырдың нағыз тарихи туынды екенін айғақтаған (Tleuberdina, 2021: 41-58).

«Исатай-Махамбет» жырына қатысты алғыс сөз жазған – Х. Досмұхамедұлы. Оның 1924 жылы «Сәуле» журналының («Қазақ әдебиеті – білім құрасымы», №3 «Ақ жол» газетінің 416 санына қосымша) бетінде жарияланған «Қазақ батырлары: «Исатай, Махамбет» деген шағын мақаласы – осының дәлелі. Ғалым мұнда Ығылман ақын шығарған жырға емес, «Исатай-Махамбет» көтерілісінің туу себептеріне тоқталады. Х. Досмұхамедов – Махамбеттану ғылымының негізін салушы. Ол «Махамбет батыр» атты шағын зерттеу еңбегін жазған. Х. Досмұхамедов Махамбеттің батыр, жырау әрі домбырашы болғандығын айтады. Сондай-ақ Махамбеттің мінез қызулығын айта кетіп, Махамбет көпті қыздырып, көңілін аударып ертетін адамның түрі болған дегенді тілге тиек етеді (Рахымов, 2002: 431).

Қ. Жұмалиев Исатай-Махамбет көтерілісінің мәнісімен Ығылманның ақындығына қатысты ғылыми көзқарасын алғаш «Қазақ әдебиеті» (1932) газетінде және «Қазақ әдебиеті» 1942 жылы орта мектептің 8-сыныбына арналған оқулықта нақты нүктесін қоя айтқан болатын. Әдебиеттанушы ғалым «Исатай-Махамбет» жырының жазылу тарихына қатысты ойын былай сабақтайды: «Исатай-Махамбет» – тарихи поэма. Ақын бұл поэмасын ел аузынан болсын, қолына түскен тарихи мәліметтен болсын Исатай, Махамбет бастаған шаруалар көтерілісінің тарихын мұқият зерттеп, өте жақсы меңгеріп болғаннан кейін жазған сияқты. Поэмаға қарағанда ақын көтерілістің тарихын жақсы білді. Оқиганың туу себебін, тарихи ізін ақынның жақсы білуі поэманың бастан-аяқ өзінің тарихи поэмалық қасиетін дұрыс сақтауына мүмкіндік берген», – дейді (Дулатова, Султан, 2019: 385). Аталмыш жауынгерлердің ерліктері туралы айтар болсақ, ерекше ержүректігімен, қолбастаушы жауынгерлігімен, сөз бастаушы жыраулығымен көзге түсе білген.

Мысалы, Ығылман ақын Исатайды былайша суреттейді:

*Ағайынның арына,
Қарындастың қамына,
Қысқа күнде қырық шапқан.
Қысылғанның панасы-
Асыл едің Исатай*

Ер Тайманның баласы (Шөреков, 1976: 19).

Ел қамын жеген батырдың шиеленіскен істің үнемі күрмеуін табуға күш салғаны, қандай жағдайда да бітімге келу жолдарын ұдайы ойлап отырғаны байқалады. Ақын көтеріліс басшысының асқақ бейнесін тұлғалап қана қойған жоқ, жұртын сүйген, жеке басының мүддесінен ел мүддесін жоғары қоя білген азамат қандай болуы керектігін де көркем бейнеледі.

Исатай мен Махамбет заманында қазақ халқының патшалық отарлаушыларға қарсы бас құрап, қарсылық көрсете білгені, тәуелсіздік кілті ел бірлігіне байланысты екені Ығылман шығармасында анық көрініс тапқан. Исатай Тайманұлының:

*Тәңірі алдында хақ болып,
Қалмаңыз үлкен борышқа.
Қыран құстың баласы
Қырымға салып көздерін,
Бірлік тауып өздерің,
Қайратың болса қылсайшы.*

Ел үшін шауып намысқа (Жолдасбеков, 1997: 372), – деуі халықтың қандай үлкен іске де қолдау көрсететініне зор сенімнің белгісіндей. Әсіресе халықтың шексіз сүйіспеншілігіне бөленген ол қазақ жұрты өзінің азат қалпын сақтап тұру үшін бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығаруы керектігін өсиет етіп қалдырады.

4. Нәтижелер

Ж. Жабаетың жырлауындағы «Сұраншы батыр», «Өтеген батыр» дастандарының тақырыбы елдік, ерлік, бірлік пен ынтымақтастық жайында жазылған. Жырдың сюжеті Сұраншы батырдың әділдігі мен ерлігі берілген. Сонымен қатар адалдығы мен бай бағланға бас иемейтін бірбеткейлігі суреттелген. Жырда Ж. Жабает Сұраншы батыр бейнесін Алатаумен салыстырады. «Мұз дулыға, қар сауыт» деп, Алатауды

осылай суреттеуі тегіннен-тегін емес. Жыр желісі бойынша дулат дәл жау алдында үшке бөлінеді. Бұл – көңілге қаяу түсіретін жағдай. Жырдың жалғасында бұл жағдайдан шығатын, елді аман алып қалатын мықты, хас батырды күтесің. Көп күттірмей көз алдына елдің қамқоры, бес қаруын асынған, арыстан жүрек, «Алатаудай» Сұраншы батыр келеді. Жырда Сұраншы батырдың есімімен қатар Сыпатай, Қарасай батырлардың бейнесі берілген. Сұраншы батыр туралы:

Сұраншыдай батырдың,

Жүрмеген шенінен.

Алмастан соққан ақ қылыш,

Еш кетпеген белінен (Садырбайұлы, 2010: 240), – деген жолдары Сұраншы батырдың батырлығын қолындағы қаруы арқылы білдіріп отыр.

Сұраншы батырдың ерлігі Қоқан хандығының Жетісу қазақтарына жасаған қорлық-зорлығында ерекше көзге түседі. Негізінен, жырда жасаған ерлігі аңыз-әңгімеге пара-пар болғанымен тарихтың соқпағында болғанға ұқсайды.

5. Қорытынды

Қорыта айтсақ, отарлау саясатын әшкерелейтін реалды-тарихи эпостарда батырлар бейнесі кеңірек ашылған. Ұлт тәуелсіздігі жолында қара басын ойламай, елдік істерге араласып, аттың жалында, түйенің қомында жүрген батыр бабаларымыз жетерлік. Әсіресе, отарлау саясатына қарсы шыққан Кенесары Қасымұлы, Наурызбай батыр, Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы, Сұраншы батыр, Жанқожа батыр сынды батырларымызды ерекше айтуға болады. Ал бұл тұлғалар туралы жазылған эпостар тұлғалардың бет-бейнесін ашып, тұлғалық келбетін толыққанды көрсете білген. Осы жырларды оқыған оқырман тарихты білумен қатар, патриоттық рухта тәрбиеленеді.

Мақала отарлау саясатына қарсылықты білдіретін тарихи эпостардағы батыр тұлғалар бейнесін ашуға арналды. Кең далада еркін өсіп, бұғаулық кимеген, жан-тәні азат қазақ халқы патшалық Ресей үкіметі жүргізген отарлау саясатына көндіге алмады, бой үйрете алмады. Ел басқарған хандары, қол бастаған баһадүрлері, сөз бастаған ақын-жыраулары ұлт-азаттық көтеріліске шығып, ерен ерлігімен, халықты жұмылдыра білетін шеберлігімен аты шыққан хандардың, жаужүрек батырлардың бейнесі тарих пен әдебиет сахнасында көрініс тапты. Осы мақалада сол бір қиын дәуірде азаттық үшін алысқан тұлғалар өмірін қамтитын тарихи жырларды зерттеп, жыраулар мен ақындардың басты идеясы азаттық болғанын зерделедік.

Отарлау саясатына қарсылық білдіретін реалды-тарихи эпостардағы батырлар бейнесі тарихи деректерден ажырамаған, артық-кемсіз берілген. Тек автордың шығармашылық әлеуетіне байланысты әсірелеу я кеміту, батырдың ішкі монологын беру сынды тұстар кездеседі. Ұлттың еркіндігі мен азаттығы, теңдігі үшін күрескен, Тәуелсіздігіміздің бастауында тұрған жалынды күрескерлері батырларымыздың рухын еске алып, істерін үлгі тұтып, сөздерінен тағылым алып, есімін қастерлеу, осы арқылы кейінгі ұрпақты отансүйгіштік рухта тәрбиелеу бәрімізге ортақ парыз. Халық қамы үшін күреспі, ерлігімен, даналығымен, шешендігімен тосын жерден жол тапқан батырларымыздың әдебиеттегі бейнесі – тәрбие құралы.

Әдебиеттер:

1. Аязбаева Ү.Б. Ұлт-азаттық көтерілісі туралы тарихи жырлар. Автореферат. – Алматы, 2007. – 35 б.
2. Бекмаханов Е. Қазақ халқының Кенесары бастаған азаттық қозғалысы. Хан Кене: Тарихи толғамдар мен пьеса, дастандар. – Алматы: Жалын, 2017. – 448 б.
3. Бекмаханов Е. Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында // Алматы: Жұлдыз. – 1991. – № 8. – 113 б.
4. Дулатова Г.Р., Султан Е. Қазақ фольклорындағы тарихи жырдың қалыптасу факторлары: кейіпкерлер бейнесі. // С.Торайғыров атындағы ПМУ хабаршысы. Филология сериясы. – Павлодар, 2019. – № 2. – 385 б.
5. Жолдасбеков М. Жамбыл және оның ақындық дәстүрі. – Алматы: Санат, 1997. – 372 б.
6. Қасқабасов С. Ой өріс. – Алматы: Жібек жолы, 2009. – 303 б.
7. Мұқанов С. Кенесары – Наурызбай туралы // Алматы: Жұлдыз. – 1941. – № 6 – 163 б.
8. Рахимбаева Г.К. Тарихи жырлардағы бас кейіпкер бейнесі. // Ш.Уәлиханов атындағы КМУ Хабаршысы. Филология сериясы. – Көкшетау, 2020. – № 4/1. – 329 б. ӘӨЖ 616.96/02
9. Рахымов Б.С. Тарихи жырлардың тілі. // «С.Қирабаев және қазіргі әдеби үрдіс» тақырыбындағы конференция материалы. – Алматы, 2002. – 431 б.
10. Рахымов Б.С. Тарихи эпос табиғаты. – Қарағанды: ҚарМУ, 1999. – 235 б.
11. Садырбайұлы С. Фольклор және Жамбыл. – Алматы: Ана тілі, 2010. – 240 б.
12. Серғазы Л. М.Әуезовтің «Хан Кене» трагедиясының тарихилығы: филол.ғыл.канд. дис. авторефер. – Астана, 2004. – 26 б.
13. Смағұлов Ж.Қ. Тарихтан тағылым. Зерттеулер. II том. – Қарағанды: Арко, 2014. – 274 б.
14. Tleuberdingina, G.T. (2021). Epistemic causal relations in German and Kazakh discursive texts. *Astra Salvensis*. Vol. 2021, 41–58. Retrieved from <https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.0-85107058294&origin=resultslist&sort=plf-f&src=s&st1=Tleuberdingina&st2=&nlo=1&nlr=20&nls=count-f&sid=8cd717d228165f0838ed50ebc6a74730&sot=anl&sdt=aut&sl=43&s=AU-ID%28%22Tleuberdingina%2c+Gulden+T.%22+57219015674%29&relpos=0&citeCnt=0&searchTerm=>
15. Шөрөков Ы. Исатай-Махамбет. – Алматы, 1976. – 19 б.

References:

1. Ayazbaeva, U.B. (2007). Historical poems about the National Liberation uprising. Extended abstract of candidate's thesis. – Almaty. – 35 p. (in Kaz).
2. Bekmakhanov, E. (1991). Kazakhstan in the 20-40s of the XIX century. – Almaty: Star, 8. – 113 p. (in Kaz).
3. Bekmakhanov, E. (2017). The liberation movement of the Kazakh people led by Kenesary. Khan Kene: historical reflections and plays, epics. – Almaty: Flame. – 448 p. (in Kaz).
4. Dulatova, G.R., & Sultan, E. (2019). Factors of the formation of a historical song in Kazakh folklore: the image of characters. S.Toraigyrov atyndagy PMU Khabarshysy. Filologiiia seriasy – Bulletin of the PSU named after S. Toraigyrov. Philology series , 2. Pavlodar. – 385 p. (in Kaz).
5. Muqanov, S. (1941). About Kenesary – Nauryzbay. – Almaty: Star, 6. – 163 p. (in Kaz).
6. Qasqabasov, S. (2009). Field of thought. – Almaty: Silk Road. – 303 p. (in Kaz).
7. Rakhimbaeva, G.K. (2020). The image of the protagonist in historical songs. Sh.Ualikhanov atyndagy KMU Khabarshysy. Filologiiia seriasy – Bulletin of KSU named after sh.Ualikhanov. Philology series, 4/1. Kokshetau. – 329 p. 616.96/02 (in Kaz).
8. Rakhymov, B.S. (1999). The nature of the historical epic. – Karagandy: KarSU. – 235 p. (in Kaz).
9. Rakhymov, B.S. (2002). The language of historical songs. Materials of the conference on the topic «S. Kirabaev and the modern literary process». – Almaty. – 431 p. (in Kaz).
10. Sadyrbaiuly, S. (2010). Folklore and Zhambyl. – Almaty: native language. – 240 p. (in Kaz).
11. Sergazy, L. (2004). Historicity of the tragedy «Khan Kene» by M. Auevov. Extended abstract of candidate's thesis. – Astana. – 26 p. (in Kaz)
12. Shorekov, Y. (1976). Isatai-Makhambet. – Almaty. – 19 p. (in Kaz).
13. Smagulov, Zh.Q. (2014). Learning from history. Research. Volume. – Karagandy: Arko. – 274 p. (in Kaz).
14. Tleuberdingina, G.T. (2021). Epistemic causal relations in German and Kazakh discursive texts. *Astra Salvensis*. Vol. 2021, 41–58. Retrieved from <https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.0-85107058294&origin=resultslist&sort=plf-f&src=s&st1=Tleuberdingina&st2=&nlo=1&nlr=20&nls=count-f&sid=8cd717d228165f0838ed50ebc6a74730&sot=anl&sdt=aut&sl=43&s=AU-ID%28%22Tleuberdingina%2c+Gulden+T.%22+57219015674%29&relpos=0&citeCnt=0&searchTerm=>
15. Zholdasbekov, M. (1997). Zhambyl and his poetic tradition. – Almaty: Category. – 372 p. (in Eng).